

Г.Т. Тлеубердина^{1*}, М.К. Нуржаксина², Б.С. Рахымов³, Г.Ш. Шахманова⁴

^{1,2,3}Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан;
⁴Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
(E-mail: guldentleuberdina@inbox.ru)

Қазіргі қазақ айтысының көркемдік-идеялық сипаты (Мұхамеджан Тазабек айтыстары негізінде)

Мақалада қазіргі ақындар айтысының, оның ішінде қазақ айтысын жоғары деңгейге көтерген суырып-салмалық өнердің шебері, белгілі ақын, қоғам қайраткері Мұхамеджан Тазабектің шебер сөз саптауы, айтыстарындағы тақырыптық жаңалығы қарастырылған. Оған қоса, айтыс өнері әсерлі поэтикалық тіл мен әсем әуеннің жарасымы ғана емес, өткір тіл мен ақиқат сөзді тура айтар шындық алаңы екені дәлелденген. Аталмыш мақалада мынадай мәселелер қамтылған: М. Тазабектің Әселхан Қалыбековамен, Айбек Қалиевпен, Дәулеткерей Кәпұлымен, Балғынбек Имашевпен айтыстарындағы сөз саптауы, ақын көтерген тақырыптардың сонылығы. Жүргізілген зерттеулердің негізінде М. Тазабек айтыстарында тәуелсіздік алған тұстағы елдегі жағдай, әлеуметтік-тұрмыстық мәселелер, әртүрлі діни ілімдердің насихатталуы, ақша құлдырауы, шенді-шекпенділердің ел қазынасынан қаражатты ұрлауы және т.б. мәселелерді уақытылы қозғағаны анықталып отыр. Сонымен қатар, айтыскердің ақын ретінде орамды ойларын түйдекті сөздермен, жыршылық сарынды ұстана отырып, тұрақты сөз тіркестерін авторлық қолданыста шебер жұмсайтыны айқындалады. Талданған айтыс үлгілері аудионұсқада, ғаламтор бетінде көп тыңдарманның ыстық ықыласына бөленіп көпшіліктің көкейінде жүрген түйткілді мәселелерді қозғаған сөз жарыстары болып табылады. Мақаланың мақсаты — Мұхамеджан Тазабек айтыстарының қазіргі қазақ айтысының көркемдік-идеялық сипатын арттыруға қосқан үлесін анықтау.

Кілт сөздер: сөз жарысы, айтыс өнері, суырып-салмалық өнер, көркем сөз, поэтикалық тіл, шыншылдық.

Kipicne

Халқымыз қашан да сөз өнерін ерекше бағалаған. Сөз өнерімен қатар шығармашылықтың сан түрін бойына жинақтаған айтыс болса, халық дүниетанымының төрінен ойып тұрып орын алатын қасиетті өнер. Халқымыз қымбат жәдігері ақындар айтысын ұрпақтан-ұрпаққа мұра еткен. Кеңес Одағының 1980–90-жылдарында Тәушен Әбуова, Манап Көкенов, Әсия Беркенова, Әселхан Қалыбекова, Қонысбай Әбілов, Есенқұл Жақыпбек сынды айтыскер ақындар ұшқыр ой, ұтымды сөз үлгісін көпшілікке паш етті.

Егемендік алғаннан кейін айтыста жарқылдап көрінген ақындар Айтақын Бұлғақов, Шорабек Айдаров, Серік Құсанбаев, Құдайберлі Мырзабеков, Аманжол Әлтаев, Мәлс Қосымбаев, Мұхамеджан Тазабек, Бекарыс Шойбековтер айтыс өнерін жаңғыртуда жаңа леп пен екпін әкелді. Оралымды ой, айшықты сөз, өткір мінез, тапқырлық, әлеуметтік маңызды мазмұн — осының барлығы қазіргі қазақ айтысының соны жаңалығына айналды. Бекжан Әшірбаев, Оразалы Досбосынов, Дәулеткерей Кәпұлы, Айнұр Тұрсынбаева, Айбек Қалиевтер жарқ етіп көрінген айтыстың келесі буыны Мұхтар Ниязов, Жандарбек Бұлғақов, Дидар Қамиев, Мейірхан Сұлтанхандар жалғастырып келеді.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі айтыс тарихын жасаушы ақындар, ғалымдар қатары да айтарлықтай толысты. Мәселен, Қойлыбай Асанов айтыс өнерінің публицистикалық сипатын түбегейлі зерттесе [1], Мәлс Қосымбаев Маңғыстау ақындары шығармашылығының материалдары негізінде XIX-XX ғасырлардағы ақындар дәстүрін дамыту ерекшеліктерін [2], Балғынбек Имашев «Айтыстағы сатира мен юмор» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап [3], ақын Айбек Қалиев Торғай ақындық мектебі өкілдерінің шығармашылығын [4] зерттеді.

«Zhambyl and His Contribution to Aitys» мақаласында зерттеуші Оспанов Еділбай XIX ғасырдағы айтыс үлгілерін зерттей отырып, бәсекеге қабілетті сөз жарысында қашан да әлеуметтік өткір тақырыптар қозғалғанын, бұл айтыстардың тарихи дереккөзі ретіндегі маңызын баса айтады. Айтыс өнерінің қай заманда болмасын үлкен маңызға ие болғанын байқатады [5].

«Küresel salgın (COVID-19) sürecinde Kazakistan'da aşık atışmaları ve salgınla ilgili şairlerin incelenmesi» мақаласында Бекарыс Нуриманов, Жұлдызай Кішкенбаева 2020 жылы әлемде болған пандемия кезінде елімізде өткізілген онлайн айтыстарға жанрлық тұрғыдан кеңінен талдау жасайды [6].

Зерттеуші ғалым Г.Т. Тлеубердина «Көкшенің айтыс өнерінің қалыптасу және даму тарихы» атты мақаласында аталмыш өңірдегі айтыстың даму мен қалыптасуына кеңінен тоқталады [7].

Айтыс халықтың рухани азығы ғана емес, халықпен қауышқан сырлас, мұңдас өнер. Айтыстың бұқаралық, демократиялық сипаты тәрбиенің қарымды құралы ретінде пайдалануға жол ашады. Асыл мұраны жалғастырушы бүгінгі айтыс ақындары, ойға түйген жүрек сезімін қызу сөзжарысында айтып озып шығатыны белгілі. Сондай жарқылдаған айтыстармен тыңдарман мен көрерменді тәнті еткен қазақ айтысының алмастай жарқылдаған өкілі — Мұхамеджан Тазабек. Тәуелсіздік алған тұста қазақ айтысына алмастай жарқылдап келіп қосылған 17–18 жасар жас ақын суырып-салмалық өнердің шеберіне айналып, алдына келген қарсыласының үрейін ұшырып, құтын қашырып, дүйім жұрттың үлкен ықыласына ие болды. М. Тазабектің белгілі қазақ айтыскерлерімен сөз жарысын текстологиялық, көркемдік тұрғыдан зерттеп, салыстыру жүргізіп, сөз саптаудағы авторлық қолтаңбасын анықтау, айтысқа түскен кезеңдегі қоғамдық мәселелерді уақытылы қозғап, көрермен ықыласына ие болуын зерттеу басты нысанға алынып отыр.

М. Тазабек қазақ айтысын жоғары деңгейге көтерген ұлттық айтыс өнерінің феномені десек артық айтқандық болмас. Белгілі ғалым Мырзатай Жолдасбеков «Мұхамеджан Тазабек — айтыс өнерінің құбылысы» деген жоғары баға береді. Ақын бозбала шағынан алмастай жарқылдап сөз додасында көзге бірден түсті. Жиырма жасында Абай Құнанбайұлының 150 жылдығына арналған айтыста көрсеткен өнері үлкен танымалдық әкелді. 1996 жылы Жамбыл Жабаевтың 150 жылдығына, 1999 жылы Қарасай батырдың 500 жылдығына арналған айтыста бас жүлдеге ие болса, 1998 жылы республиканың түкпір-түкпірінен мықты ақындар қатысқан өнер додасында жеңімпаз атанады. М. Жұмабаев, Бауыржан Момышұлы, Бөгенбай батыр, Сыпатай батырлар құрметіне өткен халықаралық, республикалық айтыстарда топ жарды.

Зерттеушілер А.К. Каринов, О. Сөйлемез ақын М. Тазабек пен А. Бердалиннің «Дін ислам — дінгегім», «Арақ пен қазақ» атты өлеңдері 2000-жылдары көпшілік санасына айтарлықтай әсер еткенін айтады [8]. Т.Ж. Тоқсанбаева, Е.П. Әбдікәрім «Қазіргі айтыс тілінің көркемдік ерекшелігі» мақаласында М. Тазабек айтыстарындағы метафораларға тоқталса [9], З.Н. Сейітжанов, Л.А. Мекебаева, А.О. Нуртазина айтыстың тақырыптық-идеялық және жанрлық ерекшеліктерін қарастырған мақаласында М. Тазабек пен Б. Шойбеков арасындағы айтыста қолданған айшықты ойларды талдайды [10].

Есет Досалы өз мақаласында 16 жасар жас айтыскер М. Тазабектің А. Әлтаевқа айтқан ұшқыр, батыл ойларын мысалға келтіріп Дінмұхамед Қонаев ықыласына бөленгенін тілге тиек етсе [11], ғалым С.Ә. Дуанаева өз зерттеуінің «Төкпе ақын келбеті» бөлімінде қазіргі айтыста шебер сөздерімен, әуезді әуенімен көпшілікті тәнті етіп жүрген ақындар қатарында Мұхамеджан Тазабекті атайды [12].

Қазіргі айтыстың идеялық-көркемдік ерекшеліктеріне тоқталған Ш.С. Қойлыбаев: «Мұхамеджанның өзінің тісқаққан ағалары мен апаларын қапы қалдыруы қазақ айтыс өнерінің жетілгендігінің белгісі болатын» дей отырып [13, 28], Қуаныш Мақсұтов пен Мұхамеджан Тазабек айтысынан тәуелсіздік жайлы жыр шумақтарын мысалға келтіреді [13, 39].

Қазіргі айтыс өнеріндегі заман келбетін қарастырған белгілі айтыскер әрі ғалым Аманжол Әлтаев Бекжан Әшірбаев мен Мұхамеджан Тазабек арасындағы 1998 жылы өткен сөз сайысындағы өтпелі кезеңдегі халық басынан кешірген қиыншылықтарды үзіндімен келтіріп, Мұхамеджан ақынның турашылдығын дәлелдейді. Ғалым М. Тазабектің Б.Шойбековпен (2000 жылы), Айбек Қалиевпен (2011 жылы) айтыстарында көтерілген әлеуметтік тақырыптарды сөз етеді [14, 46].

Аталмыш мақаланың басты мақсаты — Мұхамеджан Тазабек айтыстарының тәуелсіздік алған тұстағы өткір мәселелерді қозғауын тақырыптық тұрғыдан талдау, суырыпсалмалық өнер өкілінің ақын ретінде сөз шеберлігі, авторлық сөз қолданыстары, аға буын өкілдерімен, замандас ақындармен сөз жарысындағы сөз көркемдігі мен тіл өрнегі кеңінен талдау. Жоғарыда айтылған зерттеулерден басты айырмашылығы суырыпсалмалық өнерді биік дәрежеге көтеріп даралана білген ақын М. Тазабектің авторлық бейнесі сан қырынан жанаша пайымдалды, бірегей өнерінің айтыс өнеріне қосқан үлесі жүйелі талданды, өзіндік авторлық қолтаңбасы дараланды.

Зерттеудің деректері

Қазіргі қазақ айтысының даму бағыттарын айқындау арқылы ондағы тақырыптық, мазмұндық, көркемдік ерекшеліктеріне мән беру мақсатында 2014 жылы «Күлтегін» баспасынан шыққан 25 томдық «Қазақ өнерінің антологиясының» 5–6 томдарындағы, 2018 жылы «Атамұра» баспасынан шыққан Мұхамеджан Тазабектің «Айтыстар» жинағындағы Әселхан Қалыбековамен, Дәулеткерей Кәпұлымен, Айбек Қалиевпен, Балғынбек Имашевпен т.б. айтыскер ақындармен айтыстарының мәтіндері нысанаға алынып, тақырыптық-көркемдік тұрғыдан талдап сараланды. Ақынның авторлық сөз қолданыстары www.youtube.com бейнехостингінде жарияланған айтыстарының бейнежазбалары, айтыскер ақыннан алынған сұхбаттар зерттеу барысында қарастырылды.

Зерттеудің әдістері

Ғалымдардың әр жылдары жарық көрген еңбектерін саралай отырып, ақынның әр жылдардағы айтыстары жарияланған «Қазіргі айтыс» кітабының 2004 жылы «Күлтегін» баспасынан шыққан 2-ші және 3-ші кітабы; «Айтыстану» ғылыми жинақтары пайдаланылды. Жиналған мәліметтерге, ғылыми еңбектерге теориялық талдау, баяндау, айтыстарды саралап салыстыру, жүйелеу, қорытындылау әдіс-тәсілдері кеңінен қолданыс тапты. М. Тазабектің қазіргі қазақ айтысын дамытуға қосқан үлесі мен шындықты бейнелеудегі өзіндік қолтаңбасын зерделеу, автордың авторлық қолтаңбасын анықтау мәтінмен жұмыс әдісі, материалдарды теориялық талдау әдістері, еңбектерді саралау және салыстыру, хронологиялық, объективті-аналитикалық әдістер арқылы, жүзеге асырылды.

Нәтижелер мен олардың талқылануы

www.youtube.com бейнехостингінде айтыскердің көп қаралым жинаған 30-дан астам айтыстары бар. Көп қаралымға ие болған айтыстар қатарында Оразалы Досбосыновпен, Әсия Беркеновамен, Аманжол Әлтаевпен, Бекарыс Шойбековпен, Дәулеткерей Кәпұлымен сөз жарыстары. Айтысқа жарқылдап келіп жалынды сөзбен көптің көзайымына айналған ақынның сөз шеберлігі тәуелсіздік алған тұстағы халықтың көңілінен сөзсіз құтты орын алды.

Мұхамеджан Тазабектің 2018 жылы жарық көрген «Айтыстар» атты топтама жыр кітабына белгілі айтыс ақындарымен 32 айтысы жинақталған. Баспасөз беттерінде берген сұхбаттарында ақын көпшілік алдында сөйлеген сөздің салмағы ауыр болатынын ескеріп, халқымыз сөзді адамдықты, арлылықты тасымалдайтын құрал ретінде қолданғанын да айтады [15].

Жүректің түбіндегі сөзді айтайық,

Сыпайының тісінен сыр алғандай.

Жерұйық жемісіндей уылжысаң

Сөздің сөлін кім ішпес құмарланбай, – дейді ақын Дәулеткерей Кәпұлымен айтысында [16; 37].

Ақынның аузын ашар-ашпастан көркем сөзбен көрікті сурет салады.

Айтыскер ақынның Мәліс Қосымбаевпен, Аманжол Әлтаевпен, Бекжан Әшірбаевпен айтыстары халық арасында аңызға айналған.

Абай Құнанбайұлының 150 жылдық мерейтойына арналған аламан айтыста Мұхамеджан Тазабек қазақ айтысының ақтаңгері Әселхан Қалыбековамен сөз жарыстырады. Ардақты ақын апаның ақындық қуатын Алатаудай алып тауға жан бітіре келістіреді.

Армысың, Әселхандай ардақты апа.

Әрдайым артында асыл сөз қалатын.

Өзіңізден қанатты сөз естуге

Алатаудан ақ бұлттар қозғалатын...

Бұл апам тектілікті жол қылғандай,

Айтатын өлең сөзін мол қылғандай.

Асыл сөзің қалмасын аяқ асты,

Ханның қызын жасыққа қор қылғандай [17; 119].

Немесе,

Айбары елден бөлек апам едің,

Арыстанның аузынан олжа алатын [17; 119], деп Әселхан Қалыбекованың мерейін өсіре түседі. Ардақты айтыскерді бөріге, ал өзін бөлтірікке балап сөз келістіреді.

Топтан торай бермейтін өзің едің,

Қасқа тісін қандаған кәрі бөрі.

Бойдағы қалған күшті сығымдап көр,
Бөлтірікті лақтырып әрі-бері [17; 120].

Абай Құнанбайұлының құрметіне өткен айтыста астарлы сөздің керемет үлгілерін ұсынып, *жүректің дәрігері, Абайдың қалың елі* көрікті тіркестерін шебер қолданады.

«Беу, дүние» деп ән айтатын қазақпыз ғой,
Құлап бара жатсақ та жарқабақтан.
Жылы сөз — жүректердің дәрігері,
Абайдың қабылдаса қалың елі [17; 120].

Мұхамеджан Тазабек дауысты, дауыссыз дыбыстарды үндесе қайталануына құрылған жыр шумақтарын әрдайым сәтті қолданады.

Сегіз ақын келіп ек сұрыпталған,
Секілді сұлу ойдың сұлтандары.
Бірімізді-біріміз толықтырдық,
Сегіз тұяқ секілді сұңқардағы
Өнерім өмірдегі өз қанатым,
Өзгенің мойындармыз озған атын [17; 121].

Келесі үзіндіде ақын Әселхан Қалыбекова соңынан ерген шәкірті екенін дыбыстық үйлесіммен жеткізеді.

Әрдайым ардақты бол, ақын апа,
Алты алаштың аузынан атың түспей.
Аяндап артыңыздан мен келемін,
Асықпай шығатұғын ақыл тістей [17; 120]

Абай ақынның ұлы тойын ұлықтап ойшылды мұхитқа құятын Ертіске теңесе, енді бірде Абай ақынды әлемге ортақ болмаса Еуразия кіндігінде дүниеге келер ме еді деген риторикалық сұрақ қояды.

Біздің Абай бұл күні әлемге ортақ,
Мұхитқа құйған Ертіс өзеніндей...
Тұратын тобықтылар бірлігінде,
Көрсетіп барлық қазақ ірілігін де.
Дәл осындай той, азайын, өтті ме екен?

Осынау алты алаштың тірлігінде.
Әлемге Абай ортақ болмаса егер,
Туар ма еді Евразия кіндігінде? [17; 124].

Әлемге ортақ Абай қазынасын насихаттап, көпшілікке, әлемге танытыңдар деген сөз айтады.

Ұлы бабам қазына қалдырыпты,
Орныменен олжадан сауға алыңдар.
Қазақтың қоржынында қор ғып қоймай,
Әлемнің қазанына аударыңдар [17; 125].

Мұхамеджан Тазабек авторлық қолданыс астарлы сөзді сан құбылта қолданады.

Жақсы сөз — жүректің валидолы,
Әркім тауып айтпайды, әрине, оны.
Алға ұста Абайлардың адал ойын,
Бастасын бақыттарға фәни жолы [17; 124].

Айтыс өнерінің қайта жаңғырып, қарыштауының бастауында тұрған Әселхан ақынның бейнесін қазақ ұғымындағы көрікті сөзбен көркемдей береді.

Құнарлы сөздеріңді ақтардың-ау,
Жылқының жсілік майын толтырғандай.

Мықтыға мақсат емес бәрін білген,
Жақсы сөз айтқан сайын жаным кірген.
Жаныңда құмырсқадай балаң едім,
Дәніңді татқаннан-ақ дәмін білген.
Баяғының биіндей бір апамсыз,
Баянды жақсылыққа жаның күлген.
Құмырсқа жолын білсе болғаны да,
Аяз би оған қарап әлін білген [17; 124].

2001 жылы Алматы қаласында Республика сарайында тікелей эфирде өткен Айбек Қалиевпен үш жарым сағатқа созылған жекпе-жек айтыста көтерген мәселе, айтылған ой ауқымдылығы жағынан маңызды сөзжарысы көпшіліктің есінде өшпестей із қалдырды. Тақырыптық тұрғыдан аталмыш айтыстың көтерер жүгі ауыр болды. Қоғамдағы дін мәселесі, түрлі дінді насихаттаушы миссионерлер тақырыбы, елдегі 2000 жылдардағы қаражат тапшылығының мәселесі «ақшасы аз, банкісі көп елге айналдық, пайдасы қандай мұның тиіп тұрар» деген Айбек Қалиев ойын М. Тазабек былайша жалғастырады:

**Мың адамның мұрты тек майланып жүр,
Миллиондардың бақыты байланып жүр.**

Ауылдың аузынан кеткен ақша,

Шетелдің банкілерін айналып жүр [17; 33].

Парақорлық, мансапқұмарлық мәселесін айтыс ақыны турап айтады:

Қаланың құрылысына барған ақша,

Қалтаның қуысында қалмаса екен.

Рушылдық, жүзшілдік деген бәле,

Бас қалаға бас сұғып бармаса екен [17; 24],

енді бірде:

Шенеуніктер шіренген бүгіндегі,

Шерменде ғып өз халқын неге алдайды...

Ұмытып ұлтымыздың ұлылығын,

Ұлықтар да ұқсайды шатысқанға [17; 23].

Ақын өз айтысында шетел асып сатылып кетіп жатқан сәбилер жайын, қаракөз қазақ қыздарының ар-ұяты мәселесін де қалыс қалдырмаған.

Әдемі қыз әдебі болмаса егер,

Әсіре қызып жігітке лайық тұрар.

Алдын егер алмасаң бұл аурудың,

Ертең емі табылмас айықтырар.

Ұятсыз қыз, иодсыз тұз секілді,

Ұлтыңның ұлылығын жойып тынар... [17; 20]

Жезөкшенің желкесін қиятұғын,

Жетпей тұр біздерге де бір Құнанбай [17; 21].

Тәуелсіздіктің 10 жылдығы тұсында өткен Айбек Қалиевпен айтысты ақын былайша қорытындылап, егемендіктің бағасын, қадір-қасиетін түсінуге шақырады:

Туған ел тарихыңа оралмасаң,

Бақыттың да сынады шөлмектері.

Тәуелсіздік біздің ол нәресте зой,

Қорғамасаң қорғансыз жөргектегі [17; 35].

Мұхамеджан Тазабек айтыс сахнасында көркем сөзді қолданудың асқан шебері ретінде де белгілі. Ойды айшықтау мақсатында ұлт танымымен астасып жатқан терең ұғымдарды қолдана отырып теңеу сөз үлгісін ұтымды да орынды жұмсайды: *суытылған торы аттай, сұғарылған болаттай, сауытындай сияның, тамырындай мияның, көкпаршыдай тақымдап, көкбөрідей сақылдап, хан ұлындай, ұзатылар қыздай, бәйбіше білектеген текеметтей, денесін таза ұстайтын дегелектей, жуас атты тулатқан бөгелектей, қырғыз турап, қазақтар жеген еттей, жемісін жер жасырған қылышадайын, үйірге жаңа түскен құлжадайын, егіздейін, теңіздейін, бау-бақшадай, құландай, баладай тымаққа сап асыраған, терек басын сипаған самал желдей, керегеге байлаған уық құсап, аш бөрідей жалақтайсың, көпшілікте көңіл мұздай, жігітінен алданған момын қыздай.*

2003 жылы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ақындарының арасындағы жыр сайысында Дәулеткерей ақынның тұлғалық шығармашылық өсуін жаңа қала мен ескі қаланы байланыстыра отырып, синтаксистік параллелизм тәсілін қолдана отырып сипаттайды.

Алматыда тілінген таспа едің,

Астанадан оралдың камшы болып.

Алматыда иірілген асық едің,

Оралдың сақа алшы болып.

Алматыдан көтерілген ақ бу едің,

Астанадан оралдың тамшы болып [18; 105].

Дәулеткерей Кәпұлына «шындықты жасырмай тура айт» деген ойды ұлт танымындағы тамаша ұғыммен сабақтайды:

Маңызды пікіріңді айт майлы сүттей,

Шілденің ыстығында ашымаған... [18; 106].

2003 жылы Астанада өткен халықаралық Наурыз айтысында азаттыққа жеткен қазақ елінің әр қадамын бақылап отырған әлемді сөз етеді.

Бірза боп азат елдің өміріне,

Көкжиекке балбырап дала жатыр.

Өздерін қазақ қайда сүйрейді деп,

Көздерін көлегейлеп ғалам отыр [18; 189].

Ақын теңеу сөзді ойды нақты, дәлдеп жеткізу үшін жиі қолданады: *бұрқасындай, салмақты болған екен кір тасындай, құстың ұлпасындай, қоғадай жапырылды, жымдағы жолбарыстай, тас қайрақтай, жабағысын тастаған жас тайлақтай, түймедей сөзі жыққан түйе белін, құландай теп, өлеңді құмандай төк, хан ұлындай, үкідей үлгідетіп, жез құманның мойнындай жерге иілген, торғай жұтқан жыландай, мұзда жатып шираған мұзбалақтай, айтысты қазан қылып қайнатайық, жанымыз қуырдақтай қуырылып, бірімізді біріміз жаныйықшы, кәдімгі пышақ пен қайрақ құсап, жайнайықшы жантақтың гүліндей болып.*

Халқымыздың мінез-болмысын бір жол өлеңге сыйдырған тұсы да бар: *келбеті күз секілді күрең елім.* Дәулеткерей ақынды сипаттау мақсатында тапқыр теңеу қолданады:

Нар камыстай жігіттің егесі едің,

Тарамыстай тартылған сіңірлері.

Кеуденді кеулеп сөздер тұрған шығар,

Тас тесетін тамшыдай үңгірдегі.

Үңіліп әйтпесе сен қарар ма едің,

Үкінің баласындай іңірдегі [18; 62].

Келесі кезекте ақынмен айтысты жорыққа шыққан аңшыдай тартысты етейік деген ой тастайды.

Болғанда ойым — орақ, тіл — ұстарам,

Қақпан ауыз, қанжар тіс, құрыш табан.

Жасайық айтысқанда аңшы жорық [18; 65].

Ақын ұйқастың ерекше түрін өлең тармақтарының алғашқы сөздерінде қолданып өлеңге өзгеше ренк беретін тұстары да бар:

Сорпасын сөздің бүгін шығарайық,

Тортасын сары майдың айырғандай.

Жыр құмар жұртқа басты ие келдім.

Көрегендей боп отқан көрерменге,

Керегемдей мен бүгін сүйенемін [18; 27].

Мұхамеджан Тазабек жаңа қоғаммен келген әлемдік стандарт, ғалам, террор сияқты жаңа сөздерді қолдана отырып, жаһанданудың ұлттық дүниетанымға қауіп төндіретін жырмен жеткізеді.

Сақтанған салт-дәстүрлер құтың боп бір,

Әлемдік стандартқа бүкір кеп тұр.

Ғаламдассақ екен деп бүкіл ғалам,

Бұл ғасырдың жемсауы бүлкілдеп тұр.

Қаруына қарсы елді қарауылға ап,

Мылтығының ауызы түтіндеп тұр.

Террорды айтып сылтауға сынық іздеп,

Америка алыстан дікілдеп тұр [16; 113].

Немесе:

Болмасын Америка босқа бедел.

Батыстың батпағына батуы оңай [16; 113].

Табиғи қазба байлықтарына бай елімізден өндірілетін уранмен салыстыра жан-жақтан келіп жатқан түрлі ағымды, мәдениет деп көпшілік қабылдаған шетелдік бағыттарды жұмбақтап жеткізеді.

Уранмен қатар шыққан у секілді,

Мың бәле азаттықпен бірге келді,

Ақынның сөз қолданысында метафоралық ұғымдар да баршылық. Мәселен:

Содан соң ел-жұртына дат айтады,
Жапқандай-ақ көзді — сор, тілінді — тер...
Ақын Айбек Қалиевті тасты жарған бұлақтай нәрлі поэзия иесіндей таниды.
Айбек сен тасты жарған тас бұлақсың,
Мен сені жылға болып жетелейін...

Қазақтың кең сахарасын шексіз сүйетін ақын Жетісу мен Сарыарқасын бірдей қадір тұтады,
сөзбен сурет салып, көркем сипаттайды.

Жетісу — жерұйығым болған кезде,

Сарыарқам — берекенің сар табағы [18; 60].

Жаңа астана мен арман қала Астананы да бейнелеуде ұтымды метафора қолданған.

Алматы жұмыртқаның ағы болса,

Сарысы Астана деп мақалдайын [18; 65].

Елорданың абыройын асқақтатады.

Астана — Тәуелсіздік туындысы,

Азаттық қайта тапқан алтын сақаң,

Ал, Астана құйылған ақ қорғасын.

Алматыдан көтерілген ақ бу едің,

Астанадан оралдың тамшы болып [18; 65].

Ұлылардың ұсағы түрмеде жүр,

Ұрылардың үлкені іргеде жүр

Айтыскер ақын өлең құрастыруда бірыңғай дауысты дыбыстарды, дауыссыз дыбыстарды сәтті қолданады. Сөздің интонациялық-әуездік мәнін, экспрессивтік-эмоционалдық бояуын күшейтіп, ерекше елеулі тұстарды дыбыстандырып, ой-сезімнің әсерлілігін арттырады.

Асыл да жұртым аман ба?

Асыға күтіп айтысты,

Ас ішпей келген «хабарға».

Асығың алшы түскендей,

Асқақтап келсең жаман ба?

Асқардай биік сіздерді,

Аспандай ұшып жер шарын,

Алты айналсам табам ба? [18; 4].

Алдыңдағы арба арынды болса сондай,

Адымы ашылады артқы арбаның [18; 31].

Ұлағатын сақтаған ұлт емес пе ек,

Ұл түгіл құл сатуды ұнатпаған [18; 18].

Мұхамеджан ақын Айбек Қалиевпен айтысын Қазыбек бише толғап дамыта түседі.

Алматының жұртымен,

Қауышқалы келдің бе?

Алтын айдар ағаңмен,

Табысқалы келдің бе?

Арыстандай алысып,

Жолбарыстай жұлысып,

Айқасқалы келдің бе? [18; 4].

Мұхамеджан Тазабектің айтыстары ақындық қуатқа толы. Сөз саптау шеберлігі, шабытпен айтылған құнарлы сөздер тізбегі арқылы қуаттана түседі.

2000 жылдың елімізде Мәдениет жылы деп жариялануына байланысты Жезқазғанда өткен айтыста Балғынбек Имашев пен Мұхамеджан Тазабек сөз қағыстырады.

Наркескен нар халқыма сәлем бердім,

Намысы сексеуілдің қызуындай [19], – деп айтысты оралымды сөзбен бастап:

Айтысты қазан қылып қайнатайық

Жанымыз қуырдақтай қуырылып [19], – деп қисынды ойды жалғайды.

Балғынбек ақынмен сөз таластыра отырып, үлкен әлеуметтік мәселелерді қамтып отырады.

Елордадан келіп отырған Балғынбек Имашевқа ақын сауал жолдайды:

Балықтың бас жағында не жаңалық,

Халықтың сол жақта ғой сенгендері [19].

Билік басында отырған шенді-шекпенділердің әрекеттерін астарлы сөзбен айшықты байқатады.
 Ағылар қазынадан бұлақ боп тұр,
 Атын атап, түсін түстеп берген жандар,
 Олардан қалған тірлік мирас боп тұр.
 Әрқайсысы көпіртіп өз тақтарын,
 Әр жылғаға ағылған жылас боп тұр.

Қойға қасқыр көп шапса ит семігер,
 Деген сөзі қазақтың рас боп тұр [19].

М. Тазабек қасиетті мекен ауылдың хал-жағдайын да тілге тиек етіп, сыбайлас жемқорлық, пайдакүнемдік, қара бастың қамы үшін тура жолдан адасып жүрген билік басындағыларды қатты сынға алады.

Ауылға жырын ақын арнаса екен,
 Ел жайын Кетбұғадай қолға алса екен.
 Еліміз сеніп таққа отырғандар,
 Көлеңкеге көміліп бармаса екен.

Аяғын үзеңгіге салатындар,
Желкесіне жұртымның салмаса екен.

Үкіметтің уысынан шыққан ақша,
Қалтаның қуысында қалмаса екен [19].

Батыс пен АҚШ-тың жаһандану үдерісіне жұтылып бара жатқан ұлттық болмыс пен бітімді де сөзге қосады ақын айтыста.

Батыс мықты деген бір ұғым боп тұр,
 Тыныштық болса деп жұрт ырымдап тұр.
 Демократия дегенің сол екен ғой,
 АҚШ сөйлеп, басқа елдер шыбындап тұр [19].

Жоғарыда келтірілген сөз жарыстарынан көріп отырғанымыздай, айтыс бұл тілмен семсерлескен үлкен шайқас іспетті. Қай ақынның тілі өткір, ойы сұңғыла болса, сол ақын білегі мықты балуандай озып шығады. Қуатты ойдан сөз құрап, көкейдегі мазалы ойды маңызды сөзбен жұртқа паш етеді.

Қорытынды

Айтыс өнерінің ажары айтыскер аузынан кесек-кесек мәнді де мағыналы, көрікті сөздер төгіле түссе ашыла береді, жарқырай түседі. Көнеден қалған сөз өнерімізді жоғалтпай жандандырып дамыту өзекті мәселелердің бірі. Айтыскер М. Тазабек халықтың қалың ортасынан жарып шығып, ел мен жер, қоғам, жаһандану т.б. мәселелерді айшықты сөзбен жеткізе білген. Бұл қазіргі қазақ айтысының тақырыптық, идеялық көкжиегін айтарлықтай кеңейтеді.

Ойы да терең, сөзі де терең Мұхамеджан Тазабек жұртты елең еткізіп, жарқ етіп шықты. Айтысып отырған ақынға мін тақпай, көшелі ой толғау, елдің рухани толысуын айшықтап көрсету, ел ішіндегі келеңсіз құбылыстарды да дәл басып, тайға таңба басқандай қылып, маңдайға ұрып отырып айта білу де айтыскерге тән қасиеттер. Ақын шебер тілді шыңғырған шындықты жеткізуде ұтымды қолданып қоймай, айтыс өнерін жаңа деңгейге көтергенін, ұлттық таным мен ұғымды, халық әдебиетінің тереңінен нәр алған шұрайлы сөз өрнегімен тыңдармен мен көрерменнің жүрегіне кілт тапқанын байқаймыз.

Қазақ айтысын жаңа деңгейге көтерген айтыскердің турап айтқан турашылдығы, қара қылды жарған жарқыраған айтыстары қазақ қауымының есінде жатталып қалары сөзсіз. Ақынның ұрпаққа тағылымды тәрбие беретін ұлағатты ойлары мен орамды сөз өрнектері айтыс сынды қасиетті өнердің туын желбіретіп, мерейін өсірері де ақиқат.

Мақала ЖСН АР19574645 «Қазіргі қазақ айтысының типологиясы мен поэтикасы» жобасы аясында жазылды.

Әдебиеттер тізімі

1 Асанов К.Д. Айтыс өнерінің публицистикалық сипаты: монография / К.Д. Асанов. — Астана: Фолиант, 2010. — 400 б.

- 2 Косымбаев М.А. Особенности развития традиций акынов XIX–XX вв. (на материале творчества акынов Мангистау. автореф. дис. ... канд. филол. наук / М.А. Косымбаев. — Алматы, 1999. — 132 с.
- 3 Имашев Б.Қ. Айтыстағы сатира мен юмор [Мәтін]: Филол. ғыл. канд. ... автореф. Маманд. 10.01.02. — қазақ әдебиеті / Б.Қ. Имашев. — Астана, 2006. — 24 б.
- 4 Қалиев А.К. Топжарған (Торғай акындық мектебі өкілдерінің шығармашылығы) / А.К. Қалиев. — Қарағанды: Экожан ӨК., 2013. — 423 б.
- 5 Ospanov Y. Zhambyl and His Contribution to Aitys / Y. Ospanov. — 2017. — [Electronic resource]. — Access mode: SSRN: <https://ssrn.com/abstract=3046342> or <http://dx.doi.org/10.2139/ssrn.3046342>
- 6 Nurimanov B. Küresel salgın (COVID-19) sürecinde Kazakistan'da aşık atışmaları ve salgınla ilgili şiirlerin incelenmesi / B. Nurimanov, Zh. Kishkenbayeva // Millî Folklor. — 2021. — Cilt 17. — Sayı 129. — P. 98–110.
- 7 Тлеубердина Г.Т. Көкшенің айтыс өнерінің қалыптасу және даму тарихы / Г.Т. Тлеубердина, Б.К. Аубакирова, Г.Т. Батыргалиева // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. — 2021. — № 4(104). — Б. 116–125.
- 8 Каринин А.К. Коучинг пен менторингтің әдебиетті оқытуда қалыптасуы мен дамуы / А.К. Каринин, О. Сөйлемез // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. — 2023. — № 3(111). — Б. 101–113.
- 9 Тоқсанбаева Т.Ж. Қазіргі айтыс тілінің көркемдік ерекшелігі / Т.Ж. Тоқсанбаева, Е.П. Әбдікәрім // С. Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің хабаршысы. — 2018. — № 2 (60). — Б. 48–53.
- 10 Сейітжанов З.Н. Қазіргі айтыстың тақырыптық-идеялық және жанрлық ерекшеліктері / З.Н. Сейітжанов, Л.А. Мекебаева, А.О. Нургазина // «Керуен» ғылыми журналы. — 2022. — 77-том, № 4. — Б. 17–27.
- 11 Досалы Е. Атамұра айтыс — төл өнердің төресі [Электрондық ресурс] / Е. Досалы. — “Aq jol” газеті. — 2023. — 2 наурыз. — Қолжетімділігі: <https://aqjolgazet.kz/151482/atamyra-ajtys-tol-onerindin-toresi/madeniet/>.
- 12 Дуанаева С.А. Қазіргі акындар айтысы: Филол. ғыл. канд. ғыл. ... автореф. / С.А. Дуанаева. — Алматы, 1997. — 282 б.
- 13 Қойлыбаев Ш.С. Қазіргі айтыстың идеялық-көркемдік ерекшеліктері: Филол. ғыл. канд. ғыл. ... автореф. / Ш.С. Қойлыбаев. — Алматы, 2009. — 30 б.
- 14 Әлтай А. Қазіргі айтыс өнеріндегі заман келбеті: әдеби талдау / А. Әлтай — Нұр-Сұлтан: Кәусар баспасы, 2020. — 176 б.
- 15 Байдалы Ж. Мұхамеджан Тазабектің 310 беттік «Айтыстар» туралы кітабының ешкім білмейтін 31 дерегі [Электрондық ресурс] / Ж. Байдалы. — 2018. — 05 желтоқсан. — Қолжетімділігі: <https://qamshy.kz/article/44145-mukhameddgan-tazabektin-310-bettik-aytystar-turaly-kitabynynh-eshkim-bilmeytin> (Анықтама күні: 18.11.2023).
- 16 Кәпұлы Д. Шертолғақ. Айтыстар жинағы. / Д. Кәпұлы. — Астана: Фолиант, 2013. — 392 б.
- 17 Қазақ өнерінің антологиясы [25 томдық] / Құраст.: М. Жолдасбеков, Ш. Қойлыбаев. — Айтыс. VI том. Тәуелсіздік кезеңіндегі айтыс. — Астана: «Күлтегін» баспасы. — 2014. — 400 б.
- 18 Қазақ өнерінің антологиясы [25 томдық] / Құраст.: М. Жолдасбеков, Ш. Қойлыбаев. — Айтыс. V том. Тәуелсіздік кезеңіндегі айтыс. — Астана: «Күлтегін» баспасы. — 2014. — 400 б.
- 19 Мұхамеджан Тазабеков пен Балғынбек Имашовтың айтысы [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділігі: https://youtu.be/V0CW3MNYHCw?si=ougcS_zLzlmQ69Oj

Г.Т. Тлеубердина, М.К. Нуржаксина, Б.С. Рахымов, Г.Ш. Шахманова

Художественно-идейный характер современного казахского айтыса (на основе айтысов Мухамеджана Тазабека)

В статье рассмотрена тематическая новизна айтысов современных акынов, в том числе искусное выступление известного акына, общественного деятеля Мухамеджана Тазабекова, мастера словесного искусства, поднявшего казахский айтыс на высокий уровень. Кроме того, показано, что искусство айтыса — это не только сочетание впечатляющего поэтического языка и изящной мелодии, но и площадка для выражения острого слова и истины. Авторами освещены следующие вопросы: айтысы М. Тазабека с Асельхан Калыбековой, Айбеком Калиевым, Даулеткереем Кабулы, Балғынбеком Имашевым; актуальность тем, поднятых акыном. На основании проведенных исследований установлено, что айтысы М. Тазабека своевременно затронули вопросы ситуации в стране на момент обретения независимости, социально-бытовых вопросов, пропаганды различных религиозных учений, денежного спада, хищения средств из казны страны чиновниками и др. Кроме того, было продемонстрировано как айтыскер умело использует устойчивые словосочетания. В качестве объекта исследования выступили образцы текстов айтысов, которые затрагивают актуальные вопросы в обществе, сохраненные в аудиозаписи и распространенных на просторах Интернета. Цель статьи — выявить вклад айтысов Мухамеджана Тазабека в повышение художественно-идейного характера современного казахского айтыса.

Ключевые слова: состязание слов, искусство айтыса, художественное слово, импровизаторское искусство, поэтический язык, правдивость.

G.T. Tleuberdina, M.K. Nurjaksina, B.S. Rakhimov, G.Sh. Shakhmanova

Artistic and ideological character of modern Kazakh aitys (Based on the aitys of Mukhamedzhan Tazabek)

In the article the thematic novelty of aytys of modern akyns was discussed, including the skillful performance of the famous akyn, public figure Mukhamedzhan Tazabek, a master of verbal art, who raised the Kazakh aytys to a high level. In addition, it turns out that the art of aytys is not only a combination of impressive poetic language and graceful melody, but also a platform for expressing the sharp word and truth. This article covers the following issues: aytys of M. Tazabek with Aselkhan Kalybekova, Aibek Kaliev, Dauletkerey Kabuli, Balgynbek Imashev, the relevance of the topics raised by the akyn. On the basis of the conducted research it is established that M. Tazabek's aitysty timely touched upon the issues of the situation in the country at the time of independence, social and domestic issues, propaganda of various religious teachings, money recession, embezzlement of funds from the country's treasury by officials and others. Besides, it is found out that aytysker, as a poet, skillfully uses regular expressions in author's usage, adhering to clear words. The analyzed samples of aytys are contests of words, which caused exciting questions in the audio recording, on the vastness of the Internet. The aim of the article is to identify the contribution of Mukhamedzhan Tazabek's aytys to enhance the artistic and ideological character of modern Kazakh aytys.

Keywords: word contest, art of aytys, artistic word, improvisational art, poetic language, truthfulness.

References

- 1 Asanov, K.D. (2010). Aitystyn onerining publitsistikalyq sipyty: monografiya [Journalistic nature of the art of Aitystyn: monograph]. Astana: Folio [in Kazakh].
- 2 Kosymbaev, M. (1999). Osobennosti razvitiya traditsii akinov XIX-XX vv. (na materiale tvorchestva akinov Mangistau) [Features of the development of the Akyn tradition of the XIX–XX centuries (material on the creation of Mangistau akyns)]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Almaty [in Russian].
- 3 Imashev, B. (2006). Aitystagi satira men iumor [Satire and humor in Aitystyn]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Astana [in Kazakh].
- 4 Kaliyev, A. (2013). Topzhargan (Torgai aqyndyq mektebi okilderining shygarmashylygy) [Topzhargan (work of representatives of the Turgai poetic school)]. Qaragandy, Ekozhan OK [in Kazakh].
- 5 Ospanov, Y. (2017). Zhambyl and His Contribution to Aitystyn. Retrieved from SSRN: <https://ssrn.com/abstract=3046342> or <http://dx.doi.org/10.2139/ssrn.3046342>.
- 6 Nurimanov, B., & Kishkenbayeva, Z. (2021). Küresel salgin (COVID-19) sürecinde Kazakistan'da aşık atışmaları ve salgınla ilgili şiirlerin incelenmesi. *Milli Folklor*, 17 (129), 98–110.
- 7 Tleuberdina, G.T., Aubakirova, B.K., & Batyrgalieva, G.T. (2021). Kokshenin aitystyn onerinin qalyptasy zhane damu tarikhly [The history and establishment of Aitystyn (spontaneous oral language poetry) art of Kokshe region. *Qaragandy universitetinin khabarshysy. Filologia seriiasy — Bulletin of the Karaganda University. Philology Series*, 4 (104), 116–125 [in Kazakh].
- 8 Karinov, A.K., & Soylemez, O. (2023). Kouching pen mentorintyn adebietti oqytuda qalyptasuy men damuy [Formation and development of coaching and mentoring in teaching literature]. *Qaragandy universitetinin khabarshysy. Filologia seriiasy — Bulletin of the Karaganda University. Philology Series*, 3(111), 101–113 [in Kazakh].
- 9 Toksanbayeva, T.Zh., & Abdikarim, E.P. (2018). Qazirgi aitystyn tilinin kerkemdik ereksheligi [Artistic features of modern aitystyn]. *S. Baishev atyndagy Aqtobe universitetinin khabarshysy — Bulletin of the Aktobe University by S. Baishev*, 2 (60), 48–53 [in Kazakh].
- 10 Seytzhyanov, Z.N., Mekebayeva, L.A., & Nurtazina A.O. (2022). Qazirgi aitystyn taqyryptyq-ideialyq zhane zhanrlyq erekshelikleri [Ideological, thematic and art features of modern aitystyn]. “Keruen” gylimi zhurnaly — “Keruen” scientific journal, Vol. 77, 4, 17–27 [in Kazakh].
- 11 Dosaly, Ye. (2023). Atamura aitystyn — tol onerindin toresi [Atamura aitystyn is the judge of original art]. Retrieved from <https://aqjolgazet.kz/151482/atamura-ajtystyn-tol-onerindin-toresi/madeniet/>. (Reference Date: 18.11.2023) [in Kazakh].
- 12 Duanaeva, S.A. (1997). Qazirgi aqyndar aitystyn [Aitystyn of modern poets]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 13 Koylybayev, Sh.S. (2009). Qazirgi aitystyn ideialyq-kerkemdik erekshelikleri [Ideological and artistic features of modern aitystyn]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 14 Altai, A. (2020). Qazirgi aitystyn onerindegi zaman kelbeti: adebi taldau [The appearance of the times in modern art of aitystyn: literary analysis]. Nur-Sultan: “Kausar” baspasy [in Kazakh].
- 15 Baidaly, Zh. (2018). Muhamedzhan Tazabekting 310 bettik «Aitystyn» turaly kitabyning eshkim bilmeitin 31 deregi [Baidaly Zh. Mukhamedzhan Tazabek's 310-page book «Aitystyn» 31 facts that no one knows about]. Retrieved from <https://qamshy.kz/article/44145-mukhamedzhan-tazabekting-310-bettik-ajtystyn-turaly-kitabyning-eshkim-bilmeytin>. (Reference Date: 18.11.2023) [in Kazakh].

16 Kapuly, D. (2013). Shertolgaq. Aitystar zhinagy [Shertolgak. Collection of aitys.] Astana: Foliant [in Kazakh].

17 Zholdasbekov, M., & Koylybayev, Sh.S. (Comp.). (2014). Qazaq onerining antologiasy [Anthology of Kazakh art]. (Vols. 1–25). VI Tom. Aitys. Tauelsizdik kezenindegi aitys Aitys — Vol. 6. Aitys during the period of independence. Astana: “Kultegin” baspasy [in Kazakh].

18 Zholdasbekov, M., & Koylybayev, Sh.S. (Comp.). (2014). Qazaq onerining antologiasy [Anthology of Kazakh art]. (Vols. 1–25). V Tom. Aitys. Tauelsizdik kezenindegi aitys — Vol. 5. Aitys during the period of independence. Astana, “Kultegin” baspasy [in Kazakh].

19 Mukhamedzhan Tazabekov pen Balgynbek Imashovtyng aitysy [Aitys of Mukhamedzhan Tazabekov and Balgynbek Imashov]. Retrieved from: https://youtu.be/V0CW3MNYHCw?si=ougeS_zLzlmQ69Oj [in Kazakh].

Information about the authors

Tleuberdina, Gulden Tokatovna (contact person) — Candidate of science (philology), assoc. Professor of the Department of Kazakh Language and Literature, Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov, Kokshetau, Kazakhstan. E-mail: gulentleuberdina@inbox.ru

Nurzhaksina, Mahabbat Karataevna — Master of philological Sciences, Kokshetau university named after Sh. Ualikhanov, Kokshetau, Kazakhstan. E-mail: makosya_06@mail.ru

Rakhimov, Berik Serikpaevich — Doctor of Philology, Professor, Professor of the Department of Kazakh Language and Literature, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan. E-mail: berik_aktubek@inbox.ru

Shakhmanova, Gulshat Shamelievna — Master of pedagogical sciences, Kokshetau university named after Sh. Ualikhanov, Kokshetau, Kazakhstan. E-mail: gulshat.shakhmanova@gmail.com

Buketov University